

**Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының
Шардара ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Айлин»
бөбекжай-балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны**

Директор жанындағы кеңестің

Хаттамасы №1

03.10.2022

Қатысқандар-бөбекжай
балабақша педагогтары

Күн тәртібінде

- 1.Топтардағы сауықтыру,шынықтыру жұмыстары талдау
- 2.Балабақша қызметкерлерінің ішкі тәртіп ережесі
- 3.Кітап бұрышы көрмесі
- 4."Танымдық-зияткерлік дағдыларды дамыту"баяндама

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша балабақша тәрбиешісі А.Мұсабекова мектепке дейінгі ұйымның жазғы сауықтыру кезеңдегі жұмысының негізгі мақсаты - сауықтыру жұмысын ұйымдастыру және балалардың танымдық қызығушылықтарын, шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін неғұрлым тиімді жағдайлар жасауды ұсынды. Дәл осы маусымда балалар құрбыларымен араласудан көңілі көтеріліп, үлкен қуаныш пен әсерге бөленіп, өзіне қажетті жаңалықтарды ашады. Мектепке дейінгі ұйымда білім беру процесіне қатысушылардың барлығын қамтитын жазғы сауықтыру жұмысын сауатты ұйымдастыруды ұсынып балалардың физикалық және психикалық денсаулығын нығайтуға, олардың танымдық қызығушылықтарын дамытуға, сондай-ақ ата-аналарға қажетті кеңес беруге, әдістемелік көмек ұсынуға мүмкіндіктер береді.

Күн тәртібіндегі бойынша екінші мәселе бойынша балабақша директоры Б.Сеилова. Жұмыс уақытының басталуы сағ. 8.30 Жұмыс уақытының аяқталуы сағ. 18.00. Ереженің мақсаты еңбек тәртібін нығайтуға, еңбекті тиімді ұйымдастыруға, жұмыс уақытын ұтымды пайдалануға, еңбектің жоғары сапасына қол жеткізу үшін жағдай жасауға, еңбекті қорғау мен қауіпсіз еңбек жағдайын жасауға септігін тигізу болып табылады.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша тәрбиеші Г.Исахова сөз алды.

Барлық топ тәрбиешілері өз топтарында кітап бұрыштарын жасады. Кітап бұрыштары балалардың қолдары жететін жерге жасалды. Кітап бұрышында балаларға арналған кітаптар мен аудио кітаптар қойылды.

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша тәрбиеші А. Мұсабекова сөз алды.

танымдық-зияткерлік дағдыларды дамыту тақырыбындағы баяндамен таныстырды.

Балалардың танымдық мүшелерін және де шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында танымдық шығармашылық ойындар қолданудың маңызы зор. Ойын дегеніміз – жас ерекшелікке қарамайтын, адамның көңіл-күйін көтеретін, ойландыратын үрдіс. Ойын – төзімділікті, алғырттықты, тапқырлықты, ұқыптылықты, ізденпаздықты, іскерлікті, дүниетаным өрісінің көлемділігінің, көп білуді, сондай – ақ, басқа да толып жатқан сапалылық қасиеттердің қалыптастыруға үлкен мүмкіндігі бар педагогикалық, тиімді әдістерінің бірі. Сондықтан ойынды сабақтан тыс уақытты пайдалану – үлкен нәтиже берері анық. Ойынға зер салып, ой жүгіртіп қарар болсақ, содан үлкен мәнді де мағыналы істер туындап өрбитінін байқаймыз.

Жиналыс қаулы етеді

- 1.Топтарды жабдықтау жұмыстары толықтырылсын. Спорттық құралдар жас ерекшеліктеріне сай толықтырылсын

Директор



Б.Сеилова

Хатшы



Г.Шамшиева

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының
Шардара ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "Айлин"бөбекжай
балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны

Директор жанындағы кеңестің

Хаттамасы №2

05.12.2022

Қатысқандар-бөбекжай
балабақша педагогтары

Күн тәртібінде

- 1.Өткен педкеңестің шешімдердің орындалуы туралы
- 2.Баяндама. «Балалардың ой-санасын көтеретін ойындар»

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша Ж.Нурдилдаева сөз алады.Өткен кеңестің шешімдері бойынша топтарға сауықтыру шынықтыру сауықтыру жұмысын ұйымдастыру және балалардың танымдық қызығушылықтарын, шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін неғұрлым тиімді жағдайлар жасауды ұсынды. Жәнеде балалар сұрақтар мен ойындар ұйымдастырылды.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша тәрбиеші Г.Исахова Ойнай білмеген, ойлай да білмейді, ойында озған өмірде де озады деген аталы сөздің сырына жүгінсек мектепалды баланың ойынға деген құлқы, қарым - қатынасы, мінезі олар өсіп есейгенде де өмірінде жалғаса береді. Ойын процесі - тәрбиешінің пәрменді құралдарының бірі. Ойын арқылы балалардың ақыл - ой, адамгершілік, дене тәрбиесі жүзеге асырылады. Баланың жеке басының қалыптасуындағы ойынның маңызы ерекше. Ойында баланың дене күші артады, қолы қатайып, денесі шыңдала түседі, тапқырлығы, ынтасы артып, жетіле түседі. Педагог «Балабақшада оқыту және тәрбиелеу бағдарламасын» басшылыққа ала отырып, әрбір жас тобына арналған ойын түрлерін талапқа сай іріктеп алып жоспарлайды. Балабақшада ойынның мазмұнына қарай мына түрлері ұсынылады.

Жиналыс қаулы етеді

- 1.Барлық іс-әрекеттер ойын түрінде өткізілсін

Директор



Б.Сеилова

Хатшы



Г.Шамшиева

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының
Шардара ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің
"Айлин" бөбекжай балабақшасы мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорны

Директорлық кеңестің

Хаттамасы №3

04.04.2023

Қатысқандар-бөбекжай бақша педагогтары

Күн тәртібінде

1. Балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау жөнінде нұсқаулық
2. «Балалардың физикалық қасиеттерін дамыту» баяндама

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша тәрбиешісі А.Мұсабекова сөз алды. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау оның міндеті екендігін тұрақты есте сақтауы керек, сондықтан тәрбиешіге балаларды қараусыз қалдыруға болмайды. Егер балаларды белгілі бір уақытқа қалдыру керек болған жағдайда тәрбиеші тәрбиешінің көмекшісін топтан қашан және қанша уақытқа кетіп қалатындығы туралы ескертіп, оны уақытша өз шаруаларын қалдыра тұрып, балаларды қарай тұруға өтініш білдіру керек.

Тәрбиеші әр баланың денсаулығы туралы біліп, оның жеке қабілеттерін, денсаулық мүмкіндіктерін есепке ала отырып, өз жұмысын құруға міндетті. Ауа ылғалдылығы, температуралық режим мен жарықтандыруды әрдайым бақылауда ұстау қажет. Күн сайын жұмыс басталмас бұрын тәрбиеші топ бөлмесі, әжетхана, жатын бөлме және басқа да топ үй-жайларын тексеруі керек.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша балабақша тәрбиешісі Г.Исахова мектепке дейінгі білім беру мекемелеріндегі дене тәрбиесінің міндеті- негізгі қимыл әрекеттерін меңгеру, мектептегі дене тәрбиесіне даярлау, аурулардың алдын алу және дене мәдениеті амалдарын қолдану арқылы денсаулықты нығайту болып табылады.

Жиналыс қаулы етеді

1. Физикалық іс- әрекеттер көбейтілсін.

Директор



Б.Сеилова

Хатшы



Г.Шамшиева